

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Новогречановка ауылының Красноармейская көшесінің атауын Жастар көшесіне, Комсомольская көшесінің атауын Достық көшесіне қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 7200 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2 тармағына сәйкес, Новогречановка ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Зеленогай ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі Новогречановка ауылының Красноармейская көшесінің атауы Жастар көшесіне, Комсомольская көшесінің атауы Достық көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зеленогай ауылдық округінің әкімі

Г. Батенова